

*¹Малиева Н.А. , ²Шадкам З. 

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: ¹nurguljan@inbox.ru, ²zubaide.z@kaznu.kz

ШЫҒЫС МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ: БАТЫС ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ

Аңдатпа. Адамзат үшін тамақтану, киіну, ұрпақ жалғастыру сияқты денсаулық сақтау, ауру сырқатын емдеу де маңызды қажеттіліктер қатарында орын алады. Әр елдің өзіндік ұлттық киімі, тамағы, музыкасы, салт-дәстүрі болуымен қатар, өмірлік тәжірибелері негізінде қалыптасқан өзіндік ұлттық емдеу тәсілдері мен ем-дом түрлері болатыны да белгілі. Шығыс медицинасы дегенде алдымен қытай, үнді, парсы, түркі медицинасы, батыс медицинасы дегенде грек, латын медицинасы ойға келеді. Мақаламыздың міндеті шығыс және батыс медицинасының бір-бірімен байланысын қарастыру болып табылады. Батыс үшін шығыс әр қашан сиқырлы құпия ғажапқа толы бір әлем болып есептелген. Тарихтың әр кезеңінде Орта Азияға, Қытай, Үндістан мен Персияға келген саудагерлер, елшілер, саяхатшылардың басым бөлігі естелік, сапарнама жазып кеткен. Сонғы үш ғасырда халықаралық қатынастар мен байланыстардың дамуы нәтижесінде бұлардың қатарына әскери, саяси және діни тұлғалардың да қосылғаныны тарихи деректерден көрінеді. Ұсынылған мақаланың зерттеу жаңалығы – осы шетелдік тұлғалардың жазбаларын салыстыра отырып, шығыс халықтарының емшілігіне қатысты мәліметтерге деректанулық тұрғыдан талдау жасау. Зерттеу жұмысының мақсаты – шығыс халық емшілігімен қатар қазақ халқының емшілігі, ем-дом жасау тәсілі, ауру-сырқат атаулары мен ұғымдарының шетелдік деректерде бейнеленіп көрініс тапқанын анықтау. Зерттеу барысында деректану, салыстырмалы талдау және тарихи-этнографиялық талдау әдістері қолданылады. Зерттеу нәтижесінде шетелдік саяхатшылар, саудагерлер, саяси, мемлекеттік, әскери тұлғалардың есептерінде, естеліктерінде, сапарнамаларында айтып кеткен ақпараттардан олардың шығыс емшілік өнері мен мәдениетіне деген көзқарастарын көре аламыз.

Кілт сөздер: Шығыс медицинасы, емшілік өнері, қытай, парсы, түрік, қазақ халық емшілігі, шипагерлердің классификациясы, батыс деректері.

Кіріспе

Адам баласының даму тарихы тамақтану, ұйықтау, көбею, өз-өзін қорғау секілді қарапайым биологиялық қажеттіліктерді қамтамасыз ету негізінде қалыптасты. Ерте кезеңдерден бастап адамдар барлық қиыншылықтарының шешімін қоршаған ортасынан іздеді. Осындай мәселелердің бірі де әртүрлі ауруларды емдеу және денсаулығын сақтау болды. Адамзат баласы денсаулыққа байланысты мәселелерді түрлі тәсілдермен шешуге тырысты, әрине, бастапқы кездерде бұл әрекеттер инстинкті түрде жүзеге асты. Адам баласы өмір сүрген аймақтың шарттарына байланысты жиі тәжірибелері негізінде мал жануарлар, өсімдіктер және минералдардың қасиеттерін үйренді. Дәрі жасап, емделуде өсімдіктерді, мал жануарлардың әр түрлі өнімдерін және минералдарды пайдалану тәсілдерін қалыптастырды. Осындай өмірлік тәжірибелерінің дамуында халық емшілігі пайда болды. Яғни емдеу, емшілік, дәрі дәрмек жасау әуел баста бір шеберлік, өнер формасында қалыптасты деп айта аламыз. Осылайша, халық емшілігі ғасырлар бойы түрлі тәжірибелермен толығып, өзінің өзектілігін күні бүгінге дейін жоймай келе жатыр. Оның даму тарихы мәдениеттің құрамдас бір бөлігі ретінде барлық халықтар үшін маңызды сала. Әсіресе, шығыс халықтарының халық медицинасы әрқашан батыс зерттеушілерінің назарынан тыс қалмаған. Батыс ғылымында шығыс халықтарының емшілік өнеріне деген

қызығушылық XVIII–XX ғасырларда айтарлықтай артты. Осы кезеңде үнді, иран, араб, қытай медицинасы медициналық трактаттар мен жазбаша канондарға негізделген жүйе ретінде қарастырылса, шығыс халықтарының бір бөлігіне, яғни көшпенді халықтарға халықтық медициналық тәжірибелер тән болғандықтан, көбінесе этнографиялық және антропологиялық тұрғыдан қарастырылды. Шығыс халықтарының емшілік дәстүрін зерттеу әуел баста танымдық қызығушылықпен батыстық шығыстанушылар, дипломаттар археологтар мен этнографтар тарапынан жүзеге асырылды. Қытай медицинасын миссионерлер еңбектерінің негізінде зерттеген Жан-Батист Дюальд (1738) «Description de l'empire de la Chine» (Қытай империясының сипаттамасы) атты еңбегінде қытай медицинасының анатомия мен физиологияға негізделген батыстық медицинадан түбегейлі өзгеше және жүйелі екенін атап өтеді. Қытай медицинасын ғылыми тұрғыдан терең зерттеген Пол Ульрих Уншульдтың (2018) «Қытайдың дәстүрлі емі» атты 3 томдық зерттеуі Берлин жинағында сақталған. Оның еңбектері акупунктура, дәрілік заттар және шығыс-батыс медицинасын салыстыру бойынша классикалық дереккөз болып есептеледі. Осман империясының да халық медицинасын батыстық зертеушілердің еңбектерінен көре аламыз. 1831 ж. Эдинбургте медицина және хирургия журналында «Sketch of the State and Practice of Medicine at Constantinople. By C. Bryck, M. D.» атты мақала жарияланған. Х.Молткенің хаттары (1812) деген атаумен жеткен деректерде Осман империясында жайылған оба індеті, халық гигиенасы туралы ақпараттар беріледі. Парсы медицинасы туралы деректер француз дәрігері Тулузанның (1820-1897), С.Элгудтың (1951) деректерінде кездеседі. С.Элгуд III ғасырда Персия қазіргі Иранда негізі қаланған Гондишапур академиясы болғанын, оған әлемнің түкпір-түкпірінен білім алуға шәкірттер келетіні туралы мәліметтер береді.

Жалпы түркі медицинасы, тарихы, халық емшілігіне қатысты А.Н.Вауат-тың (2016) «Тір тарихі» кітабы, ортағасырлық шағатай тіліндегі медициналық мәтіндерді зерттеген I.N.Uysal-дың (2022) «İhmal edilmiş Bir Konu: Çağatayca Tıp Metinleri», L.Karoly-дің (2015) «A Turkic Medical Treatise from Islamic Central Asia: A Critical Edition of Seventeenth-Century Chagatay Work by Subhan Quli Khan» мақалалары, Ш.Уәлихановтың (2008) «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» кітабы секілді еңбектерді атай аламыз. Қазақ халқының халық емшілігі туралы деректер батыс және орыс ғалымдарынан А.Левшин (1832), А.Ягмин (1845), А.Диваев (1902), И.Лосев (1874), И.Георги (1887), И.Бларамберг (1848), Фон Герн (1889), А.Алекторов (1899) еңбектерінде кездеседі.



Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаламызда дерек ретінде қарастырылатын мәліметтер орыс және батыс саяхатшыларының, этнографтарының шығыс елдерін аралап, тіршілігін сипаттаған еңбектерінде, әскерлердің есептері мен жазбаларында кездесіп отыр. Зерттеу әдіснамасын анықтауда орта ғасырдан бүгінге дейін Шығыс елдерін зерттеген бірнеше батыс зерттеушілерінің және отандық ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Қытай халық медицинасын зерттеген А.Клейердің (1682), Ж.Дюальдың (1738), парсы медицинасын зерттеген С.Элгудтың (1951), Д.Тулузанның (1820), Осман империясы кезеңіндегі түрік халқының медицинасы мен емшілік ритуалдарын зерттеген С.Бриқтың (1831), Х.Молткенің (1812), қазақ халқының халық емшілігін арнайы жазған А.Ягминнің (1845), И.Лосевтің (1874), А.Диваевтың (1902) А.И.Левшиннің (1832) П.С.Палластың (1733) еңбектері де назарға алынды. Отандық зерттеушілерден Ү.Қыдырбаева, З.Шадкамның (2025) мақалалары қарастырылды. Қазіргі таңда осы еңбектер бізге шығыс халқының емшілік өнері туралы құнды ақпараттар дереккөзі болып табылады. Әртүрлі мақсатпен жасалған бұл зерттеулер, әсіресе, ауру, дәрі-дәрмек, ем-дом, гигиена, емшілікке қатысты өте қызықты бірегей деректер береді. Біз мақаламызда деректердің ішіндегі айтылып кеткен халық емшілігіне байланысты жайттарды қарастыратын боламыз. Мақала жазу барысында орыс және еуропа

зерттеушілерінің, отандық ғалымдардың деректерін жинақтау, жүйелеу, саралау, сұрыптау және тұжырымдау әдістері қолданылады.

Талқылау

Шығыс әрқашан Батыс үшін сиқырлы, құпия, ғажапқа толы бір әлем ретінде қабылданды. Шығыс халқының өмір сүру салты, дүниетанымы, наным-сенімі, философиясымен қатар табиғатпен үндестік табуы, емшілерінің ем-дом жасауы, түрлі ритуалдары да батыс зерттеушілерінің де назарын аударды. Шығыс халықтарының медицинасына арналған батыс дереккөздерін талдау медициналық білім тарихын ғана емес, сонымен бірге батыстың Шығысты ғылыми тұрғыдан қабылдауының да өзгеруін көрсетеді. Ең алдымен, батыс тарапынан әртүрлі медициналық дәстүрлерге қызығушылық біркелкі болмағанын атап өткен жөн. Кей деректерде б.з.б. V ғасырда өмір сүрген, тарих атасы Геродоттың Вавилон, Скифияға жасаған сапарларын баяндағанда скифтердің емдік шөптерін сипаттағанын кездестіруге болады. Қытай және иран медицинасы ерте кездерден бастап батыс зерттеушілерінің назарын аударып, түрік және қазақ халық медицинасына қарағанда тереңірек зерттелді. Қытай медицинасы туралы батыстық алғашқы зерттеулер Жан-Батист Дюальдтың (1738) миссионерлер есептерінің негізінде жазылған «Қытай империясының және Қытай Татариясының географиялық, тарихи, хронологиялық, саяси және физикалық сипаттамасы» еңбегінде кездеседі. Арнайы қытай медицинасына арналған алғашқы еуропалық еңбектердің бірі қытай медициналық мәтіндерінің латынша аудармалары жарияланған Андреас Клейердің (1682) «Specimen Medicinae Sinicae» атты еңбегі болды. Бұл еңбек Батыс ғылымында Шығыс медицинасына деген қызығушылықтың алғашқы кезеңін дәлелдейді және қытай медициналық дәстүрін біртұтас білім жүйесі ретінде көрсетуге деген ұмтылысты көрсетеді. Аталмыш еңбекте өмірлік энергия концепті, пульс теориясы, фармакологиялық мәліметтер, терапевтік әдістер туралы айтылады. Пульс теориясына терең тоқталып, бейнелі түрде түсіндірмелер беріледі.



Келесі бір бөлімде пульсты термей, тілге қарап ауруды анықтайтын дәрігерлер туралы айтылады: «Бұл трактат белгісіз бір христиан мандарин дәрігерінің кітабынан үзінді, Мандариндер мұнда негізінен «Дәрігерлер» деген атаумен ерекшеленеді, олар тілдегі белгілерге ғана қарап, ешбір тамырды тексермей-ақ, әсіресе қатерлі безгектің күші мен сипатын дерлік қатесіз анықтауға болатынын айтқан». Бұл бөлім толықтай ауруды тілге қарап анықтауға арналған. Әр суретке сипаттама беріледі, соңғы суретке «тіл ақ, желім тәрізді зат бөліп, тот басқандай көрінеді, сонымен қатар қатты, ылғалсыз, құрғақ және мүлде ылғал жоқ болса бұл өмірдің соңы жақындағанын білдіреді. Егер тілге қол тигізгенде суық болса, ол өлім белгісі» (Cleyer, 1682: 2) деп анықтама беріледі.



Э. Брецинейдердің (1882) «Botanicon sinicum» отандық және батыстық дереккөздерден алынған қытай ботаникасы туралы жазбалары халық медицинасы мен шөппен емдеуге қатысты бір еуропалық тарапынан жинақталған алғашқы ірі ботаникалық жинақ болды. Брецинейдер тек өсімдіктер мен халық емшілігі туралы ақпаратты жинақтап қана қоймай, сонымен бірге ол кездегі еуропалық ғылыммен салыстыра отырып: «Қытай фармациясы мен терапиясы, «Пэнцао кангму» еңбегінің мәтінінің басым бөлігін құрайтын күрделі рецепттері біздің зерттеу аямызға кірмейді, ал дәрілердің медициналық қолданылуы тек кейде ғана атап өтіледі. Біздің ойымызша, еуропалық ғылым қытай медицинасының осы саласынан ештеңе үйрене алмайды. Біз Қытайда күшті емдік қасиеттері бар өсімдіктердің бар екенін жоққа шығармаймыз, бірақ қытай дәрігерлері оларды қолдануда тәжірибеге емес, дәрілердің қасиеттері туралы қиял-ғажайып болжамдарға сүйенеді (Bretschneider, 1882: 7)» деген тұжырым жасайды, батыс медицинасына басымдық береді. Британиялық миссионер Бенджамин Хобсон қытайда «Quantı Xinlun-A New Theory of the Body» (1851) атты анатомиялық кітап жазып, батыс медицинасының Қытайда таралуына үлес қосқан. Джон Ум. Шиффелер (1976) «Қытай халық медицинасының шығу тегі» мақаласында Қытай халық медицинасының бастауы неолит дәуіріндегі малшылар мен аңшы-жинаушылардың өсімдіктер туралы білімінде, діни-магиялық сенімдерінде, бастапқы медициналық әдістері мен сенім арқылы емдеуінде жатыр. Табиғатпен күнделікті қарым-қатынаста олар тіршілік ету шараларын инстинктивті түрде меңгерген, олардың көпшілігі бүгінгі күнге дейін Қытайдың әртүрлі мәдениеттерінде сақталған деп айтады (Schiffeler, 1976: 17).

Қытай медицинасы секілді Иран медицинасына да батыстың қызығушылығы ертерек басталған. Ибн-Синаның еңбектері ортағасырларда батыс тарапынан кеңінен зерттеліп, латын тілдеріне аударылғаны, медициналық мектептерде оқу құралы ретінде қолданылғаны туралы көптеген деректер бар. Л.Арвиденің «The editions and the translations of Avicenna's Canon of Medicine» мақаласында кең ақпарат беріледі. «Канон он ғасыр бұрын сипаттаған медицина қағидалары бүгінгі күні АҚШ-тағы UCLA және Йель университеттерінде және басқа да оқу орындарында медицина тарихының бір бөлігі ретінде оқытылады. Кітаптың көп бөлігі Қытайда Юань дәуірінде (XIII–XIV) хуэй ұлты өкілдері тарапынан «Хуэйхуэй Яофан» (Хуэй ұлтының рецептілері) деген атпен қытай тіліне аударылды. Сонымен қатар, «Канон» Үндістанда қолданылатын дәстүрлі медицина түрі – урани медицинасының негізін құрады» (Arvide, 2016: 424). Сасанидтер кезеңінде Шапур I негізін қалаған Гондишапур ғылыми-медициналық оқу орталығы туралы да көптеген батыс деректерінде кездеседі. С.Элгуд (1951) «A Medical History of Persia and the Eastern Caliphate» кітабында Парсы елі мен Шығыс халифаттарының медицинасын жан-жақты қарастырып, Гондишапурдағы медициналық мәселелермен айналысатын арнайы ұйымдар бар болғанын, онда болашақ дәрігерлердің емтихан тапсырып, академиялық дәреже алғандығын да айтып өтеді. Бұл еңбекте батыстықтарға Rhazes атымен танымал әрі дәрігер әрі химик Закария әр-Разидың емшілігі, оның «Kitāb al-Ḥawī fī al-ṭibb», «Kitāb al-Mansurī» еңбектері туралы да баяндалады. «Ортағасырлық Еуропадағы медицина профессорларының көзқарасы бойынша бұл еңбектің маңызы аса зор болған. Әсіресе «Nonus Almansuris» деген атаумен жазылған тоғызыншы кітап көптеген түсіндірмелерге арқау болып, барлық ортағасырлық университеттердің

медицина оқу бағдарламасының тұрақты бөлігіне айналды. Бұл тоғызыншы кітап «бастан-аяққа дейінгі» ауруларды қарастырды. Халил Аббастың айтуынша, әл-Мансуридің кемшілігі – оның қысқалығында болды» (Elgood, 1951: 201). Батыс ғылымы Закария ар-Разиы педиатрияның негізін салушы ретінде бағалады: «Of Habits which becomes natural» деген брошюра жазып, Шеррингтонның шартты рефлекс теориясын алдын ала болжады. «Diseases in Children» атты монография жазғандықтан оны педиатрияның негізін қалаушы деп те санауға болады. Оның бірнеше кішігірім еңбектері ортағасырларда латын тіліне аударылып, «Opera Parva Abubetri» деген атаумен жинақталып басылды» (Elgood, 1951: 203). Парсы тілінде жазылған «Асрār ал-атиббā» («Емшілер сыры») медициналық еңбегін, алғаш зерттеген француз әскери дәрігері, эпидемиолог-ғалым Джозеф Тулузан (Joseph-Desire Tholozan, 1820–1897) болды. Ол Иранда Табйб Тұлұзāн Иўнāнй есімімен танылып, медициналық оқу орындарын ашып, эпидемиология мен хирургия саласында ұзақ жылдар бойы Хаким башы (يشاب ميكج) қызметін атқарған. Иранда парсы, үнді медицинасымен танысып, парсы тілінде зерттелмеген «Асрār ал-атиббā» және «Рисāла дар тибб» атты ортағасырлық трактаттарды таныстырады. Алғаш Тегеранда 1276/1860 жылы және 1963 жылдары Джозеф Тулузанның бастамасымен «Asrār al-aṭibbā' iā mudjarrabāt īlat Chaḡatāīī» (Емшілер сыры немесе) – Шағатай елдерінің емшілік тәжірбиесі» деген атпен басылып шығады. Автор мәтіннің Орта Азия халықтарына тиесілі екенін және хижра жыл санауымен 910 жылы парсы тіліне түрік тілінен аударылғанын анықтаған (Тұяқбаев, 2023: 101).

Осман Империясы кезеңінде де түрік халқының халық емшілігі жан-жақты зерттелген. 1831 ж. Эдинбург медицина және хирургия журналында жарияланған «Sketch of the State and Practice of Medicine at Constantinople. By C. Bryck, M. D.» мақаласында Константинопольдегі медицинаны сол кездегі Батыс Еуропаның стандарттарымен салыстырады, емдеу әдістеріне, медициналық даярлыққа және денсаулық сақтау ұйымдастыруына қатысты ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындайды. Х.Молткенің (1812) хаттарында Осман халқы арасында таралған оба туралы және түрік халқының гигиенасы туралы деректер беріледі.

Орта Азиядағы түркі тілдес халықтардың халық емшілігі, емдеу тәсілдері мен емшілері туралы деректерді орыс-неміс зерттеушілерінің архивтік деректерінен таба аламыз. Паллас, Левшин секілді зерттеушілер өз очерктерінде әр халыққа жеке тоқталып сипаттама береді. Соның ішінде қазақ халқының денсаулығы мен медицинасы туралы ақпараттарды саралайтын болсақ Левшин өз зерттеулерінде «Көру қабілеттері таңқалдырады, бір орында тұрып 10 версттен яғни 10,67 кмден көп қашықтықтағы шағын элементтерді көре алады. Көру қабілеті жоғары еуропалық анық емес нүкте көрген жерде олар заттың сұлбасы мен түсін айыра алады. Тамақсаулығымен жеті халыққа аты шыққан адамдарға таң қалмай қарау мүмкін емес, олар аңдар секілді көп көлемде ет жеп, қымыз ішеді. Жалпы алғанда, қырғыздар кәрілік жасына дейін жиі жетеді, олардың арасында 80 жастағылар аз емес, арасында 100 жасағандар да кездеседі. Жұқпалы аурулар Қазақ Ордасын бұзбаған, әлсіретпеген, олардың арасында аурулар аз кездеседі» деп анықтама береді (Левшин, 1832 : 33-35). Қазақтарда мерезді (сифилис) емдеу туралы неміс зерттеушісі И.Ф. Бларамберг те өз әскери-статистикалық зерттеулерінде: «Қырғыздарда тәжірибелі бақсылар (дәрігер) бар, олар көп жылдық емдеу нәтижесінде мерезді де емдеу тәжірибесін жинақтаған. Олар негізінен, қырғызша Тамир-дәре деп аталатын сассапирлиден, мия тамырынан және басқа да бізге белгісіз ұсақтап туралған тамырлардан күшті шайыр дайындайды. Бұл шайырдың құрамы тек тәжірибелі бақсыларға ғана белгілі және олар оны құпия сақтайды. Шайырдың әсері қатты терлетіп, ағзадан мерез уын және оның маңызды өмірлік мүшелердегі жинағын шығарып тастауға көмектеседі (Бларамберг, 1848: 90)».

И.Лосьев «Медицина в киргизской степи» деген мақаласында қазақтарда екі түрлі емшінің болатынына тоқталады, біріншісі шөптермен емдейтін дәрігер болса, екіншісі ауруларды шамандар секілді қобызбен емдейтін бақсы туралы айтады (Лосев, 1874: 193). Доктор Савваның 1803-1804 ж. жазбаларында да бақсылардың емдеу тәсілдері айтылады,

1899 ж. бұл тақырыпты А.Е.Алекторов та «Бақсы» атты мақаласында жан-жақты қарастырады (Алекторов, 1899: 1-9).

Зерттеу нәтижелері

Шығыс халқының халық емшілігін, денсаулық және гигиена туралы дүниетанымын, қалыптасқан емшілер жүйесін зерттеген батыс дереккөздерін талдай отырып, шығыс халық медицинасына қызығушылықтың біркелкі дамымағаны байқалды деп айта аламыз. Мақалада қарастырылған қытай, парсы, түрік және қазақ халықтарының мысалында жазбаша жеткен медициналық трактаттар мен еңбектерге басымдылық беріліп, салыстырмалы түрде дамыған медицина ретінде бағаланғаны, керісінше көшпенді өмір салтын ұстанған халықтардың емдом тәсілдері, тәжірибесі, емшілеріне деген сенімсіз көзқарас қалыптасқанын төменде келтірілген деректерден көз жеткізуге болады. Шиффелер (1976) «Қытай халық медицинасының шығу тегі» мақаласында конфуциандық дәрігерлер арасында медициналық мамандану болғанын айтып, классификация жасаған: «Дәрігерлер негізінен жұқпалы және физиологиялық ауруларды емдеумен айналысты. Біріншісіне адамнан адамға немесе жануардан адамға тікелей, фомиталар арқылы немесе векторлар арқылы берілетін вирустар, безгек, бактериялар, саңырауқұлақтар, құрттар және протозоа жатады. Екіншісіне артрит, есі ауысу, қант диабеті, гемофилия сияқты аурулар кірді, олар көбінесе жоғарыда аталған жұқпалы аурулардың әсерінен пайда болатын. Хирургтар негізінен жарақаттарды (мысалы, шайқаста, аң аулауда немесе апаттар кезінде алынған жаралар мен жарақаттар) емдеумен айналысты. Шөп дәрігерлері Конфуций философиясына сәйкес дұрыс тамақтанбаудан туындайтын аурулардың алдын алумен негізінен айналысты. Ветеринарлық хирургтар адам хирургтарымен бірдей емдеу әдістерін қолданды, тек адам ауруларының орнына жануарлардың (әсіресе аттардың) ауруларын емдеді» (Schiffeler, 1976: 27). Парсы медицинасын зерттеушілердің деректерінен Гондишапурдағы медициналық академияда дәрігерлердің академиялық дәрежелер алуы, араб-парсы тіліндегі трактаттардың, Ибн-Сина, Закария әр-Разидың еңбектерінің батыс институттары бағдарламасына енгізілуі батыстың араб-парсы халық медицинасына деген оң көзқарасын білдіреді. С.Элгуд (1951) «A Medical History of Persia and the Eastern Caliphate» еңбегінде Закария әр-Разидың шағын трактаттары туралы да айтылады. Әсіресе, шағын еңбектерінен ең маңыздысы – шешек пен қызылша туралы трактаты жайлы ақпарат беріледі. «Ол латын тіліне аударылып, 1489 жылы Венецияда, 1549 жылы Базельде, 1747 жылы Лондонда және 1781 жылы Геттингенде басылып шықты. Осыларға қоса 1762 жылы Парижде грекше аудармасы басылып шықты, ал 1848 жылы ағылшынша аудармасы жасалды. Еңбектің маңызы – ол шешекті клиникалық бірлік ретінде алғашқы нақты сипаттамасы болып табылады және осылайша, Нейбургер айтқандай: «Барлық жағынан әділ түрде ол араб медициналық дәстүрінің әшекейі ретінде саналады». Әйтсе де, қытай, араб-парсы халық емшілігін төмендетіп жазылған деректер де бар екендігін айта кеткен жөн. Брецишнейдер қытай медицинасын қиял-ғажайыпқа сүйенген деп тұжырымдаса, Элгуд шығыс халифаттарындағы медицинаға кезең-кезеңмен тоқтала отырып, Закария әр-Разидың «Kitāb al-Ḥawī fī al-ṭibb» еңбегінде анатомия мен хирургия туралы айтылмады деп сынайды: «Ол осы өнердің студенттеріне аурулар мен сырқаттарды емдеуде қажет болатын ең ұсақ-түйек нәрсені де назардан тыс қалдырған жоқ. Алайда ол табиғи мәселелерге, мысалы, элементтерге, темпераменттерге және шырыштар қоспаларына мүлдем тоқталмады. Сонымен қатар ол анатомия мен хирургия туралы да сөз қозғамады. Сонымен бірге ол жүйесіз әрі әдістемесіз жазды, схоластикалық білімге мән бермеді» (Элгуд: 200). Осман империясы кезеңіндегі түрік халқының медициналық ахуалы туралы Молтке (1812) «Мыңдаған түріктер обадан өліп жатқанда, франк халқы арасында құрбан болғандар саны өте аз болды» -деп сипаттайды. Бұл мәлімдемеде түріктердің тазалық туралы түсінігі жоқ немесе жеткіліксіз деген тұжырым бар. Бірақ оның түрік моншалары туралы: «Бұл өте мұқият тазару түрі, түрік моншасында жуынбайынша адам өмірінде ешқашан жуынбаған деп

айтуға болады» деген мәлімдемесіне қайшы келеді (Қазақ, 2022 : 71). Батыс зерттеушілері деректерінде түрік халқының халық емшілігі жеткілікті дамымаған деп саналғанымен, 19 ғасырда арнайы ереже қабылданғанын айта кеткен жөн: «Осман империясында 1861 жылғы «Memâlik-i Mahrûse-i Şahâne'de Tababeti Belediye İcrasına Dair» ережеге сәйкес, медициналық мектептен немесе шетелдік медициналық оқу орындарынан дипломсыз адамдарға медицинамен айналысуға, ал лицензиясыз адамдарға «дәрігер» атағын қолдануға тыйым салынды» (Göktaş, 2014: 100). Батыс зерттеушілері қазақ халқының халық емшілігіне этнографиялық және антропологиялық тұрғыдан қызығушылық танытқандығын: «Шынында да, қырғыз халқының денсаулығы өте жақсы. Олардың арасында кеуде ауыруы өте сирек кездеседі» (Ягмин, 1845: 45), «Олардың иіс сезу қабілетінің өткірлігі даладағы түтіннің иісін соншалықты қашықтықтан сезе алатындығынан байқалады, бұл еуропалық адамға сиқыр сияқты көрінеді (Зеланд, 1885: 58)», «Созылмалы ауруларды шайтанның әрекеті деп есептеп, ырыммен қарсы тұрады. Бұл аурулар негізінен мүйіз арқылы қан алумен емделеді, ол үшін кішкентай мүйіздерді пайдаланады, ауырған жерді күйдірілген қоспамен басады (Георгий, 1779 : 138)» секілді деректерден көре аламыз. Қазақ халық медицинасы физикалық аспектілермен қатар рухани аспектілерді де қамтыған, ол өз кезегінде адам мен табиғат арасындағы гармонияны сақтауға үлес қосқан. Лосъевтің мақаласында жазылғандай, шөптік, жан-жануар өнімдерімен емдейтін емшілерден басқа, рухани, наным-сенім тұрғысынан емдейтін бақсылар, палшылар, жауырыншылар, жұлдызшылар да болған. Неміс зерттеушілері Паллас та, Георги де оларға жеке-жеке анықтама беріп кеткен. Қазақ даласында кездесетін аурулар және емдеу тәсілдері туралы этнограф Диваевтың (1902) «Киргизские болезни и способы их лечения» атты жазбасында көбірек мәлімет беріледі. Басқа шығыс халықтары секілді түркі халықтарында шипагерлердің классификацияланғаны туралы да: «Кодекс Куманикус, Ж.Баласағұн мен М. Қашқаридің еңбектерінде кам, şaman, otacı, емші, atasagun тб. халық медицинасымен байланысты сөздердің ұғымдарына кеңінен тоқталған (Қыдырбаева, 2025: 322)» деп айтылады. Орыс және батыс деректері далалық (полевой) зерттеулер негізінде отаршылдық мақсатпен жасалғандықтан қазақ халқының халық емшілігінің қыр-сырынан толық шынайы ақпарат бермейді. Қазақ халқында орыс отаршылдығына дейін қалыптасқан жазба мәдениет үлгілері болғандығы, соның ішінде шағатай тілінде жазылған медициналық трактаттар туралы ешқандай деректер айтылмайды. Қазіргі таңда қазақ халық емшілігі, медицинасы және далалық медицина тарихын ортағасырлық (шағатай тіліндегі) медициналық трактаттар негізінде зерттеулер жасап жүрген З.Шадкам, Ө.Тұяқбаев, Н.Қайранбаева, Ү.Қыдырбаева секілді отандық зерттеушілердің еңбектері негізінде қазақ халқының халық емшілігі аталмыш деректердегіден ауқымды болғанын байқай аламыз. Осы еңбектерде қазақ халқының тұрмыс тіршілігіндегі аурулар, емдеу тәсілдері және оларға қатысты наным сенімдер де кездеседі. Түркілік пен ежелгі парсы және ислам өркениетінің синтезі нәтижесінде өзіндік өркениет пен мәдениет қалыптастырған қазақтардың емшілік және шипагерлік өнері «Дәстүр әл-Илаж», «Асрар әл-Әттиба» секілді ортағасырлық медициналық трактаттарда жазылған. «Парсы әдебиеттерінде «Асрар ал-атибба'» деген қысқа атаумен танылған шығармада жалпы саны сексеннен аса түрлі аурудың емдік жолдары мен ауру атаулары, ауруға байланысты ем-дом әдістері баяндалған» (Қайранбаева, 2024: 29).

Қорытынды

Қазіргі жаһандану үдерісінде әлем халықтары арасындағы қарым-қатынас жан-жақты: саяси, мәдени, ғылыми, ақпараттық тұрғыдан дамып келеді. Адамзат тарихы бойынша өркениеттер мен мәдениеттердің өзара тәжірибе алмасуы, бір-бірін тану мақсатында жасалған байланыстары негізінде осы қарым-қатынастар қалыптасты. Жер бетіндегі барлық адамдарға ортақ мәселелердің шешімі олардың бір-бірімен тәжірибе алмасуы арқылы табылып отырды. Мұны адамзат, қоғамдық санасы мен интелектінің дамуы арқылы түсініп,

байқап келді. Адамзат өміріне тікелей қатысы бар денсаулық сақтау, емдеу және ем-дом жасау тәжірибелерімен алмасу осы тұрғыдан барлық өркениеттер үшін маңызды болды. Сол себепті бұрын әр түрлі мақсатпен жасалған сапарлар, саяхаттар, көштердің кезінде жазылған деректерде аурулардың, дәрілердің атауы, сипаты, себептері назардан тыс қалмай кейде арнайы тоқталып, кейде жалпы мәтіндерде, әңгіме арасында айтылып кеткен. Қазіргі кезде денсаулық сақтау, медицина тақырыбы өз алдына бөлек бір ғылым саласы ретінде қалыптасқанымен, халық арасында өмірлік тәжірибеге негізделген бір шеберлік, өнер түрі ретінде де қабылданады. Осы зерттеуде, денсаулық мәселесі тек дәрігерлерге тән тақырып емес екендігіне назар аударатырып, әр елдің, әсіресе, Шығыс халықтарының назарындағы ең басты мәселе болғанын байқадық. Тарихтың әр кезеңінде, шығыстың әр түрлі аймағына келген Брецишнейдер (1882), Шиффелер (1976), Паллас (1773), Левшин (1832), Бларамберг (1848) секілді зерттеушілердің деректеріне сүйене отырып, шығыс медицинасы, халық емшілігі әрдайым назарда болғанын, қытай, араб-парсы халықтарының медицинасына оң-теріс екіұшты көзқарас қалыптасқанын, көшпенді халықтардың емшілік шеберлігіне күмәнмен қарағанын айта аламыз. Қазақ халқының шипагерлік тәжірибелерін Шығыс медицинасынан бөлек зерттеуге болмайды. Шығыста, Орта Азия, Қыпшақ даласы өркениетінде маңызды орынға ие көшпенді түркі тайпалары арасында қазақтардың тарихи, мәдени және саяси ірі және ерекше орыны болғанын ұмытпауымыз керек. Қазақ халық емшілігінде ритуалдармен қатар емдік шөптер, тұнбалармен емдеуі қытай халық медицинасымен, дұға оқу, дем салу, тұмар тағу тәжірибелері араб-парсы, түркі халықтарының емшілік тәжірибелерімен ұқсас болып келеді. Әрине, географиялық тұрғыдан шекаралас, көршілес өмір сүрумен қатар, материалдық, экономикалық, ғылыми және медициналық тәжірибелердің де алмасу арнасы болып табылған «Жібек жолы» факторын да назардан тыс қалдырмауымыз керек.

Әдебиеттер:

Алекторов, 1899 – *Алекторов А.Е.* Баксы (Из мира киргизских суеверий) // Известия Общества археологии, истории и этнографии при императорском Казанском ун-те. Казань, 1899. Т. 16. Вып. 1.

Бларамберг, 1848-1858 – *Бларамберг И.Ф.* Военно-статистическое обозрение земель киргиз-кайсаков Внутренней (Букеевской) и Зауральской (Малой) орды Оренбургского ведомства по рекогносцировкам и материалам, собранным на месте // Военно-статистическое обозрение Российской империи: в 17 т. Т. 14: Оренбургский край: в 3 ч. Ч. 3. СПб.: Тип. Деп. Ген. Штаба, 1848–1858. 204 с.

Георги, 1888 – *Георги И.Г.* Описание всех обитающих в Российском государстве народов, их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, упражнений, забав, вероисповеданий и других достопамятностей. Санктпетербург: Императорская Академия Наук, 1888. 138 с.

Диваев, 1902 – *Диваев А.* Киргизские болезни и способы их лечения // Туркестанские ведомости. 1902. 46 с.

Записки Доктора Саввы..., 1822 – Записки Доктора Саввы Большого о приключениях его в плену Киргизь-кайсаков в 1803–1804 годах. С замечаниями о Киргиз-Кайсацкой степи. Санктпетербург: Типография Н.Греча, 1822.

Зеланд, 1885 – *Зеланд Н.* Киргизы, этнологический очерк. Омск, 1885. С. 58–65.

Қыдырбаева, Шадкам, Тұяқбаев, 2025 – *Қыдырбаева Ү.Т., Шадкам З., Тұяқбаев Ө.О.,* Түркі медициналық шығармаларындағы ауру атаулары: Семантикалық талдау//«Қазақстан шығыстануы».2025. № 1.Т. 13. <https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.320>

Левшин, 1832 – *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, часть третья. Санктпетербург: Типография Карла Крайя, 1832. С. 33–35.

Лосев, 1874 – *Лосев И.* Медицина в киргизской степи // Московская медицинская газета 1874. № 28. 193 с.

Паллас, 1773 – *Паллас П.С.* Путешествие по разным провинциям Российской Империи, часть первая. Санктпетербург: Императорская Академия Наук, 1773. С. 585–586.

Тұяқбаев, Шадкам, Қайранбаева, 2023 – *Тұяқбаев, Ә., Шадкам, З., Қайранбаева, Н.* Ортағасырлық түркі медицинасының парсы тіліндегі мұрасы – «Асрәр ал-атиббә» // ҚазҰУ Шығыстану сериясы. 2023. № 4 (107). 97–104-б.

Ягмин, 1845 – *Ягмин А.* Киргиз-кайсацкая степь и их жители. Санктпетербург: Типография Карла Крайя, 1845. С. 45–46.

Arvide, 2016 – *Arvide L.M.* The editions and the translations of Avicenna's Canon of Medicine // Journal of Advances in Humanities. 2016. Vol. 4. № 1. P. 423–430.

Bretschneider, 1882 – *Bretschneider E.* Botanicon sinicum. Notes on Chinese botany from native and western sources. London: Trubner, 1882.

Cleyer, 1682 – *Cleyer A.* Specimen Medicinae Sinicae, sive Opuscula Medica ad Mentem Sinensium. Frankfurt am Main, 1682. P.2. Retrived at: https://archive.org/details/BIUSante_154971

Du Halde, 1735 – *Du Halde J.B.* A Description of the Empire of China and Chinese-Tartary. London, 1738. <https://archive.org/details/descriptionofemp00duha>

Elgood, 1951 – *Elgood C.* Medical History of Persia and the Eastern Caliphate. Cambridge, 1951. P. 201–218. Retrived at: <https://ia802905.us.archive.org/21/items/in.ernet.dli.2015.106426/2015.106426.Medical-History-Of-Persia-And-The-Eastern-Caliphate.pdf>

Göktaş, 2014 – *Göktaş H.* XIX. Yüzyılda Osmanlı Devleti'nde Hekim Hasta İlişkileri ve Diplomasız Hekimler // Journal of History Studies. 2014. Vol. 6. Issue 6. P. 99–115.

Hobson, 1851 – *Hobson B.* Quanti xin lu. 1851. Retrived at: <https://archive.org/details/b24935591>

Каşıқçı, 2022 – *Каşıқçı R.* Helmuth von Moltke'nin mektupları üzerine deęerlendirme // International Journal of Education and History Research. 2022. Yıl. 4. Sayı. 2. Sf. 63–77.

Kayranbayeva, Shadkam, Tuyakbayev, 2024 – *Kayranbayeva, N., Shadkam Z., Tuyakbayev, O.* Medicinal Plants in Medieval Treatises: Medicinal Properties, Application, Description // Bulletin – Orientalism KazNU. 2024. № 4 (111). P. 25–32.

Schiffeler, 1976 – *Schiffeler J.W.* The Origin of Chinese Folk Medicine // Asian Folklore Studies. 1976. Vol. 35. № 1. P. 17–35.

Tholozan, 1870 – *Tholozan J.D.* Grande épidémie cholérique. Paris, 1870. Retrived at: <https://archive.org/details/b22383414>

References:

Alectorov, 1899 – *Alectorov A.E.* Baksy (Iz mira kirgizskikh sueveriy) [Baksy (From the world of Kyrgyz superstitions)] // Izvestiya Obshchestva arkheologii, istorii i etnografii pri Imperatorskom Kazanskom universitete. Vol. 16. Issue 1. Kazan, 1899. (in Rus.).

Blaremburg, 1848–1858 – *Blaremburg I.F.* Voенно-statisticheskoe obozrenie zemel' kirgiz-kaysakov Vnutrenney (Bukejevskoy) i Zaural'skoy (Maloy) ord Orenburgskogo vedomstva po rekognostsirovkam i materialam, sobrannym na meste [Military-statistical review of the lands of the Kyrgyz-Kaysaks of the Inner (Bukeyev) and Trans-Ural (Minor) Horde of the Orenburg Department based on reconnaissance and materials collected on site] // Voенно-statisticheskoe obozrenie Rossiyskoy imperii: in 17 vols. Vol. 14: Orenburg Region: in 3 parts. Part 3. Sankt-Peterburg: Typography of the General Staff Department, 1848–1858. 204 p. (in Rus.).

Georgi, 1888 – *Georgi I.G.* Opisanie vsekh obitayushchikh v Rossiyskom gosudarstve narodov, ikh zhiteyskikh obryadov, obyknoveniy, odezhd, zhilishch, uprazhneniy, zabav, veroispovedaniy i drugikh dostopamyatel'nostey [Description of all the nations living in the Russian state, their everyday rites, customs, clothing, dwellings, exercises, entertainments,

religions, and other remarkable features]. Sankt-Peterburg: Imperial Academy of Sciences, 1888. 138 p. (in Rus.).

Divaev, 1902 – *Divaev A.* Kirgizskie bolezni i sposoby ikh lecheniya [Kyrgyz diseases and methods of their treatment] // *Turkestanские ведомости*. 1902. 46 p. (in Rus.).

Dmitrev, 1901 – *Dmitrev D.* Na kumyse u kirgizov [On kumys among the Kyrgyz]. Bryansk: M.I. Yudin Printing House, 1901. 24 p. (in Rus.).

Zapiski Doktora Savvy..., 1822 – *Zapiski Doktora Savvy Bol'shego* o priklyucheniakh ego v plenu u Kirgiz'-kaysakov v 1803–1804 godakh. S zamechaniyami o Kirgiz-Kaysatskoy stepi [Notes of Doctor Savva Bolshoy about his adventures in captivity among the Kyrgyz-Kaysaks in 1803–1804, with remarks on the Kyrgyz-Kaysak Steppe]. Sankt-Peterburg: N. Grech Printing House, 1822. (in Rus.).

Zeland, 1885 – *Zeland N.* Kirgizy: etnologicheskiy ocherk [Kyrgyz: an ethnological essay]. Omsk: District Headquarters Printing House, 1885. P. 58–65. (in Rus.).

Kydyrbayeva, Shadkam, Tuyakbayev, 2025 – *Kydyrbayeva U.T. Shadkam Z. Tuyakbayev O.O.*, Turki meditsinalyk shygarmalaryndagy auru ataulary: Semantikalyk taldau [The nomenclature of diseases in turkic medical works: A semantic analysis] // *Qazaqstan Şyğystanuy*. 2025. No. 1. Vol. 13. DOI: <https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.320> (in Kaz.).

Levshin, 1832a – *Levshin A.I.* Opisanie kirgiz-kazach'ikh ili kirgiz-kaysatskikh ord i stepey, part three [Description of the Kyrgyz-Kazakh or Kyrgyz-Kaysak Horde and Steppes, part three]. Sankt-Peterburg: Karl Kray Printing House, 1832. P. 33–35. (in Rus.).

Losev, 1874 – *Losev I.* Meditsina v kazakhskoy stepi [Medicine in the Kazakh Steppe] // *Moscow Medical Gazette*. 1874. No. 28. 193 p. (in Rus.).

Pallas, 1773 – *Pallas P.S.* Puteshestvie po raznym provintsiyam Rossiyskoy Imperii, part one [Journey through various provinces of the Russian Empire, part one]. Sankt-Peterburg: Imperial Academy of Sciences, 1773. P. 585–586. (in Rus.).

Tholozan, 1870 – *Tholozan J.D.* Grande épidémie cholérique [The Great Cholera Epidemic]. Paris, 1870. Retrived at: <https://archive.org/details/b22383414> (in French).

Tuyakbayev, Shadkam, Kayranbayeva, 2023 – *Tuyakbayev, O., Shadkam, Z., Kayranbayeva, N.* Ortagasyrlyk turki medisinasynyn parsy tilindegi murasy [«Asrār al-atibbā'» – the heritage of medieval turkic medicine in the persian language] // *QazUU Şığystanuw seriyası*. 2023 No. 4 (107). P. 97–104. <https://doi.org/10.26577/JOS.2023.v107.i4.010> (in Kaz.).

Yagmin, 1845 – *Yagmin A.* Kirgiz'-kaysatskaya step' i ikh zhiteli [The Kyrgyz-Kaysak Steppe and its inhabitants]. Sankt-Peterburg: Karl Kray Printing House, 1845. P. 45–46. (in Rus.).

Arvide, 2016 – *Arvide L.M.* The editions and the translations of Avicenna's Canon of Medicine // *Journal of Advances in Humanities*. 2016. Vol. 4. № 1. P. 423–430.

Bretschneider, 1882 – *Bretschneider E.* Botanicon sinicum. Notes on Chinese botany from native and western sources. London: Trubner, 1882.

Cleyer, 1682 – *Cleyer A.* Specimen Medicinae Sinicae, sive Opuscula Medica ad Mentem Sinensium. Frankfurt am Main, 1682. P.2. Retrived at: https://archive.org/details/BIUSante_154971

Du Halde, 1735 – *Du Halde J.B.* A Description of the Empire of China and Chinese-Tartary. London, 1738. <https://archive.org/details/descriptionofemp00duha>

Elgood, 1951 – *Elgood C.* Medical History of Persia and the Eastern Caliphate. Cambridge, 1951. P. 201–218. Retrived at: <https://ia802905.us.archive.org/21/items/in.ernet.dli.2015.106426/2015.106426.Medical-History-Of-Persia-And-The-Eastern-Caliphate.pdf>

Göktaş, 2014 - *Göktaş H.* XIX. Yüzyılda Osmanlı Devleti'nde Hekim Hasta İlişkileri ve Diplomasız Hekimler [Doctor–Patient Relations and Non-Diploma Physicians in the Ottoman Empire during the Nineteenth Century] // *Journal of History Studies*. 2014. Vol. 6. Issue 6. P. 99–115. (in Tur).

Hobson, 1851 – *Hobson B.* Quanti xin lu [A New Treatise on the Preservation of Health]. 1851. Retrived at: <https://archive.org/details/b24935591>

Каşıқçı, 2022 – *Каşıқçı R.* Helmuth von Moltke'nin mektupları üzerine deęerlendirme [An Analysis of the Letters of Helmuth von Moltke] // International Journal of Education and History Research. 2022. Yıl. 4. Sayı. 2. Sf. 63–77.

Kayranbayeva, Shadkam, Tuyakbayev, 2024 – *Kayranbayeva, N., Shadkam Z., Tuyakbayev, O.* Medicinal Plants in Medieval Treatises: Medicinal Properties, Application, Description // Bulletin – Orientalism KazNU. 2024. № 4 (111). P. 25–32.

Schiffeler, 1976 – *Schiffeler J.W.* The Origin of Chinese Folk Medicine // Asian Folklore Studies. 1976. Vol. 35. № 1. P. 17–35.

Tholozan, 1870 – *Tholozan J.D.* Grande épidémie cholérique [The Great Cholera Epidemic].. Paris, 1870. Retrived at: <https://archive.org/details/b22383414>

*¹Малиева Н.А., ²Шадкам З.

^{1,2}*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан*
E-mail: ¹nurguljan@inbox.ru, ²zubaide.z@kaznu.kz

ИЗУЧЕНИЕ ВОСТОЧНОЙ МЕДИЦИНЫ: НА ОСНОВЕ ЗАПАДНЫХ ИСТОЧНИКОВ

Аннотация. Наряду с питанием, одеждой и продолжением рода, здравоохранение и лечение болезней относятся к числу основных потребностей человечества. Так же как каждая страна имеет свою национальную одежду, кухню, музыку и обычаи, хорошо известно, что у каждой страны есть свои национальные методы и виды лечения, которые развились на основе жизненного опыта. Когда речь заходит о восточной медицине, в первую очередь на ум приходят китайская, индийская, персидская и тюркская медицина, тогда как западная медицина ассоциируется с греческой и латинской медициной. Цель этой статьи – рассмотреть взаимосвязь между восточной и западной медициной. Для Запада Восток всегда считался волшебным, загадочным миром, полным чудес. На каждом этапе истории подавляющее большинство купцов, послов и путешественников, приезжавших в Центральную Азию, Китай, Индию и Персию, писали мемуары и путевые заметки. Исторические записи показывают, что в течение последних трех столетий, в результате развития международных отношений и коммуникаций, к их рядам присоединились также военные, политические и религиозные деятели. Новизна исследования в данной статье заключается в сравнительном анализе сочинений этих иностранных деятелей, что позволяет провести документальное исследование информации о народной медицине восточных народов. Цель исследования – установить, что наряду с народной медициной восточных народов в зарубежных источниках отражены казахская народная медицина, методы лечения, названия и понятия болезней и недугов. В ходе исследования используются методы источниковедения, сравнительного анализа, историко-этнографического анализа. Результаты исследования показывают их отношение к восточным искусствам исцеления и культуре на основе информации, представленной в отчетах, мемуарах и путевых заметках иностранных путешественников, купцов, политических, государственных и военных деятелей.

Ключевые слова: Восточная медицина, искусство исцеления, китайская, персидская, турецкая, казахская народная медицина, классификация целителей, западные источники.

*¹Maliyeva N.A., ²Shadkam Z.

^{1,2}*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*
E-mail: ¹nurguljan@inbox.ru, ²zubaide.z@kaznu.kz, ³bagdat75@inbox.ru,

THE STUDY OF EASTERN MEDICINE: BASED ON WESTERN SOURCES

Abstract. Along with food, clothing and procreation, healthcare and treatment of diseases are among the basic needs of humanity. Just as every country has its own national dress, cuisine, music and customs, it is well known that every country has its own national methods and types of treatment that have developed on the basis of life experience. When it comes to Eastern medicine, Chinese, Indian, Persian and Turkish medicine come to mind first, while Western medicine is associated with Greek and Latin medicine. The purpose of this article is to examine the relationship between Eastern and Western medicine. For the West, the East has always been considered a magical, mysterious world full of wonders. At every stage of history, the vast majority of merchants, ambassadors and travellers who came to Central Asia, China, India and Persia wrote memoirs and travel notes. Historical records show that over the last three centuries, as a result of the development of international relations and communications, military, political and religious figures have also joined their ranks. The novelty of the research in this article lies in the comparative analysis of the works of these foreign figures, which allows for a documentary study of information on the folk medicine of Eastern peoples. The aim of the study is to establish that, along with the folk medicine of Eastern peoples, foreign sources also reflect Kazakh folk medicine, methods of treatment, names and concepts of diseases and ailments. The study uses methods of source studies, comparative analysis, and historical and ethnographic analysis. The results of the study show their attitude towards Eastern healing arts and culture based on information presented in reports, memoirs and travel notes of foreign travellers, merchants, political, state and military figures.

Keywords: Eastern medicine, healing arts, Chinese, Persian, Turkish, Kazakh folk medicine, classification of healers, Western sources.

Авторлар туралы мәлімет:

Малиева Нургуль Ануарбековна, PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Шадкам Зубайда, филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Түріктану және Шығыс елдерінің тарихы кафедрасы профессоры, Алматы қ., Қазақстан

Информация об авторах:

Малиева Нургуль Ануарбековна, PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

Шадкам Зубайда, кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, профессор кафедры истории тюркологии и истории стран Востока, г. Алматы, Казахстан

Information about authors:

Maliyeva Nurgul Anuarbekovna, Phd student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Shadkam Zubaida, Candidate of Philological Sciences, professor of the Department of Turkish Studies and History of Eastern Countries, Faculty of Oriental studies at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*Келін түсті 8 желтоқсан 2025 жыл
Қабылданды 25 қаңтар 2026 жыл*